

ҮІӘ тақырыбы: «Киімдер және тұрмыстық заттар»

Мақсаты

Балалардың киімдер мен тұрмыстық заттар туралы түсінігін кеңейту, сөздік қорын байыту, заттарды ажыратып, толық сөйлеммен айтуға үйрету.

Міндеттері

Білімділік:

– Киім түрлерін (көйлек, шалбар, бас киім, етік) атау.

– Тұрмыстық заттарды (үстел, орындық, төсек, ыдыс, шөйнек) таныстыру.

Дамытушылық:

– Сұраққа толық жауап беру.

– «Не үшін керек?» сұрағына жауап беру.

– Сипаттау дағдыларын дамыту.

Тәрбиелік:

– Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.

ҮІӘ барысы

Үйімластыру кезеңі

Шаттық шеңбері:

Таза жүрем әрдайым,
заттарды біз күтеміз,
Жаксы бала болайық!

2. Қызығушылықты ояту

Сұрақтар:

– Сен бүгін қандай киім киіп келдің?

– Үйде қандай заттар

Балалардың жауаптарын толық сөйлемге айналдыру:

– «Мен қызыл көйлек кидім.»

– «Үйде үстел бар.»



. Негізгі бөлім

Киімдер (тілге бойлау)

Learn How to Draw Boots

Easy | Step by Step



Easy Drawing Guides

Сөздік жұмыс:

Көйлек, шалбар, бас киім, қолғап, етік, күртеше.

Үлгі сөйлемдер:

- Бұл – көйлек. Көйлек денеге киіледі.
- Етік аяққа киіледі.
- Қолғап қолды жылытады.

Ойын: «Қай жерге киеміз?»

Етік – аяққа

Қалпақ – басқа

Қолғап – қолға

Тұрмыстық заттар

Сөздік жұмыс:

Үстел, орындық, төсек, шәйнек, кесе, қасық.

Үлгі сөйлемдер:

- Үстелде тамақ ішеміз.
- Орындыққа отырамыз.
- Төсекте ұйықтаймыз.
- Шәйнекке су құямыз.

Ойын: «Не үшін керек?»

- Қасық не үшін керек?
- Төсек не үшін керек?

4. Сергіту сәті

Көйлек киіп алайық (қолмен кию қимылы),

Етік киіп алайық (аяқпен қимыл),

Орындыққа отырайық,

Төсекке жата қояйық.

5. Бекіту

«Артық затты тап» ойыны

(Көйлек, шалбар, үстел) → Үстел артық (өйткені ол киім емес).

Сұрақтар:

- Киім не үшін керек?
- Үйдегі заттарды қалай күту керек?

6. Қорытынды

- Бүгін біз нені үйрендік?